

**8D014 «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000-«Кәсіптік оқыту»мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Парманкулова Перизат Жаксылыковнаның «Дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Нормативтік құжаттарға, іргелі ғылыми еңбектерге талдау барысында дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытууды жүзеге асыратын педагогтарды даярлау мәселесін жетілдірудің атасы: Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Педагогтік кәсіби стандарты, Дуальды оқытууды үйімдастыру қағидалары, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» жолдауы. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел еркендеуінің берік негізі» жолдауында «жоғары оку орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті, ейткені мамандықты жиі өзгерте білу және жаңа кәсіптерді игере алуарқылыған болашақ мамандың бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ете аламыз» деген болатын. Ендеше жаһандану заманында білім беру мақсаты білім алу, іскерлік пен дағдыға қол жеткізуған емес, болашақ мамандарды нақты бір кәсіпке баулу мақсатында теория мен практиканы үштастыра біletін бәсекеге қабілетті, ұтқыр маман даярлау болып отыр.</p> <p>Аталған маңызды құжаттардың ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бүйрығымен бекітілген «Дуальды оқытууды үйімдастыру қағидаларында» дуальды оқытуудың қатысуышылары техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оку орындары, кәсіпорындар және білім</p>

			<p>алуши студент болашақ маманекендігі көрсетілген. Сонымен қатар дуальды білім беруге қатысушылардың атқаратын функциялары көрсетілген. Ендеше дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтың атқаратын қызметі маңызды. Олай болса дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту педагогтарын даярлау басты талаптардың бірі болыш табылады.</p> <p>Аталған талаптар білімберудің нормативтік құжаттарына сәйкес беріліп отырған міндеттер мен басымбағыттар болғандықтан, «Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы зерттеу жұмысының өзектілігін одан әрі терендете түсетіні хақ. Ендеше аталған мәселеге баланысты П.Ж.Парманкулованың диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді деп есептейміз.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымдамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылған 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасының 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағытында орындалған 3149/ГФ4 «Техникалық және кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мамандарды дуальды оқытуға даярлау процесін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері» жобасы (2015-2017) шеңберінде орындалды. Сонымен қатар диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында алынған ғылыми-практикалық жетістіктер жоғары кәсіптік білім беру педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі өзектілігі мен маңыздылығын нақтылай</p>

			<p>түскен.</p> <p>1)Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау арқылы ғылымга елеулі улес қосады және оның маңыздылығын ашады;</p> <p>2) Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі (мақсатты, әдіснамалық, мазмұндық, үдерістік, рефлексивтік блоктары) компоненттері, критерийлері мен көрсеткіштеріне сай түзілген болашақ инклюзивті оқыту педагогтарын даярлау деңгейлерінің тұжырымдалуы ғылымга елеулі улесін қосады және оның маңыздылығын ашады;</p> <p>3) Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудағы педагогикалық шарттардың айқындалуы елеулі улесін қосады және маңыздылығын ашады;</p> <p>4) ЖОО оку-тәрбие үдерісінде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың оқу-әдістемелік кешенін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент жүзінде көрсету арқылы ғылымга елеулі улесін қосады және маңыздылығын ашады.</p>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	<p>Докторант П.Ж. Парманкулова диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеңген. Барлық талданған ақпараттар дербес, әрі түсінікті, мағыналы құрылымды сақтай келе, өзара үйлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсете білген.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	<p>Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>-<i>әлеуметтік-педагогикалық деңгейде</i>: дуальды білім беру жүйесінде деңсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту қажеттілігі мен дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын педагогтардың болмауы арасында;</p> <p>-<i>ғылыми-теориялық деңгейде</i>: дуальды білім беру жүйесінде деңсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі</p>

		<p>тұлғаларды инклюзивті оқыту педагогтарына айқын сұраныс пен дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуга болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық түрғыда негізделмеуі арасында;</p> <p>-әдістемелік-практикалық деңгейде: дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуга болашақ педагогтарды даярлауды жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру қажеттілігі мен дуальды оқыту жүйесінде болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуга даярлығын қалыптастыру үшін оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілмеуі арасындағы қарама-қайшылықтардың шешімін табуда дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуга болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделін, әдістемесін жасау мәселесіне негізделген.</p>
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, әр тaraу төрт бөлімнен, қорытындыдан және қосымшалардан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу мақсаты - дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуга болашақ педагогтарды даярлауды теориялық түрғыда негіздеу және әдістемесін ұсыну, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелдеу.</p> <p>Зерттеу міндеттері жұмыстың мақсатын нақтылауда дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуга болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауымен, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуга болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделін әзірлеуімен, болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындауымен, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістемелік кешенін дайындауымен және оның тиімділігін тәжірибелік</p>

			эксперименттік жолмен сынақтан өткізіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беруімен сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық белімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен белімдері, яғни жалпы құрылымы мен қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық түргыда толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдей, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуде толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Зерттеу барысында «дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға даярлау» және «дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға даяр педагог» ғылыми (түсініктері) ғылыми түргыда негіздеуде және нақтылауда бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған және <b>сыни талдау бар</b> ; дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі дайындаудағы қызмет атқаратын блоктар, компоненттер, критерийлер мен көрсеткіштер және оған сәйкес деңгейлерді анықтауда белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған және <b>сыни талдау бар</b> ; дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындауда бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған және <b>сыни талдау бар</b> ; инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауда оку-әдістемелік кешен дайындалып, оның кешендік сипаты оку-тәрбие үдерісіндегі жаңаша үлгіге сүйене отырып құрастырылған, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы тексеруден өткен, <b>сыни талдау бар</b> және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем	Докторант П.Ж.Парманкулованың «Дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты диссертациялық жұмысындағы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып саналады. 1) Ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші

		<p>жаңа болып табылады)</p> <p>зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық енбектердегі ғылыми дерек көздерін тауыш, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сәйкес жинақталған материалдарды саралуы, болашақ инклузивті оқыту педагогтарын даярлаудың мәні мен теориялық негізделуі <b>толығымен жаңа болып табылады.</b></p> <p>2) Ғылыми нәтижеге жетуде дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуды жүзеге асыратын болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі (мақсатты, әдіснамалық, мазмұндық, үдерістік, рефлексивтік блоктары), инклузивті оқыту педагогтарын даярлау компоненттері мен критерийлері, нәтижесі мен инклузивті оқыту педагогтарын даярлау деңгейлерінің жасалуы – екінші нәтиженің <b>толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</b></p> <p>3) Ғылыми нәтижеге жетудегі ғылыми енбектерді зерделеуде дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттары ұсынылып, мазмұндық сипаттама берілуі нәтиженің <b>толығымен жаңа болып табылатынына дәлел.</b></p> <p>4) Ғылыми нәтиже ретінде ЖОО-да дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау барысында білім беру бағдарламасы дайындалып, электривті пән ендіріліп, оқу-әдістемелік кешен ұсынылып, оның тәжірибелеге енгізуін <b>толығымен жаңа деп санаймыз.</b></p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>      2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);      3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>П.Ж.Парманкулованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнның сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелдігімен <b>толығымен жаңа болып саналады.</b> Диссертацияның қорытындылары ретінде келесілерді айтамыз:</p> <p>1) Зерттеу жұмысының бірінші қорытындысы бойынша дуальды білім берудің және инклузивті оқытудың әлемдік тәжірибесін зерделей отырып, дуальды білім беру жүйесінің қазіргі еңбек рыногының сұранысына сәйкес бәсекеге</p>

қабілетті, академиялық үткыр мамандар даярлауға мүмкіндік беретіні расталды. Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға жогары кәсіби білім беру және оны өндіріспен байланыстыру болашақ педагогтардың маман ретінде қалыптасуына оң әсер ететіндігіне көз жеткізілді.

2) ЖОО-да дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындаудағы білім беру саясатының қағидаларына сәйкес қабылданған стратегиялардың даму бағдарламаларымен, оқу жоспарларын, оқу орындарындағы білім беру үдерісінің жайкүйін және дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың келесі сипаттамаларын анықтаған:

а) біріншіден, инклузивті оқытуды жүзеге асыратын педагогтарды даярлаудың тұлғаға бағытталған білім тұжырымдамасына негізделген жаңа ұстаныммен анықталатындығын;

в) екіншіден, инклузивті оқытуды жүзеге асыратын педагогтарды даярлау бұл инновациялық білім беру мекемелерінің феномені ретінде;

с) үшіншіден, инклузивті оқытупедагогтарын даярлау тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу қызметіне қатысуын, олардың бастамасы мен шығармашылығын көздейтіндігін зерделеген.

Сондай-ақ дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың маңызды компоненттерін анықтағандығы мен кәсіби білім беруді жетілдірудегі басты мәселе мамандарды даярлауда жалпы және кәсіби құзыреттіліктер нақтыландығы мен инклузивті оқыту педагогының даярлаудың әдіснамалық негіздерін ұсынғандығы толығымен жаңа болып табылады.

3) «Дуальды білім беру жүйесі- еңбекрыногының сұранысына сай бәсекеге қабілетті, үткыр мамандарды даярлау

мақсатында кәсіпорының, оку орнының және білім алушының мұдделерін біріктіретін инновациялық жүйе» деп нақтылауы толығымен жаңа.

4) «Дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға даярлау – кәсіпорын мен оку орнының бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды инклузивті білім беруге бірлесе даярлайтын инновациялық үдерісі» деп нақтылауы толығымен жаңа.

5) Дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқыту педагогын «ізгіліктік принципін ұстанған, адами құндылықтарға бағдарланған, толерантты, теорияны практикамен ұштастыра біletін бәсекеге қабілетті, ұтқыр маман» деп нақтылауы толығымен жаңа.

6) Әдістемелік тұғырлар мен тұжырымдық идеялар негізінде болашақ инклузивті оқыту педагогтарын даярлау моделі әзірленген. Модельді қолдану ыңғайлылығы, аса маңызды сипаттамаларды қамту, қарапайымдылық, баяндаудың нақтылығы, мәнерлілігі сияқты қасиеттерге ие болғандығын байқауға болады. Докторанттың зерттеу жұмысында дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқыту педагогтарын даярлаудың дайындық үрдісін ұлгілеу әрекеті жасалынып, ЖОО-да дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытууды жүзеге асыратын болашақ педагогтарды даярлауды модельдеу жоғары кәсіптік білім беру жағдайында тұжырымдамалық ережелер негізінде жүзеге асырылған.

Модельдің нысаналы блоктары инклузивті оқыту педагогтарын даярлаудың нақты элементтерін анықтауға мүмкіндік берді. Атап айтсақ: *мақсатты блок* дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытууды жүзеге асыратын болашақ педагогтарды даярлауды мақсат ете отырып, арнағы білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыруды көздеңген. Әдіснамалық, блокжүйелілік, әрекеттілік, аксиологиялық, тұлғага бағдарлылық, синергетикалық, құзыреттілік, тұғырларын және ізгіліктік, әлеуметтік бейімделу, синергетикалық, жеке тұлғалық, теорияның практикамен байланысы қағидаларын басшылыққа алған.

*Мазмұндық блокмотивациялық-құндылықтық, танымдық, іс-әрекеттік, өлшемдік компоненттер мен мотивациялық*

		<p>мазмұндық, практикалық, бағалау критерийлерін және үйымдастырушылық, теориялық, технологиялық, мониторингтік педагогикалық шарттарын басшылықта алған. <i>Үдерістік блокта</i> ЖОО мен өндіріс арасындағы байланыс, оқытудың формалары, әдістері мен құралдары қамтылған, болашақ инклюзивті оқыту педагогтарын даярлау деңгейлері зерделенген. <i>Рефлексивтік блок</i> нәтижесі дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға дайын педагог тұлғасы <b>толығымен жаңа</b> болып саналады.</p> <p>7)Докторанттың дуальды білім беру жүйесінде болашақ инклюзивті оқыту педагогтарын даярлау үшін үйымдастырушылық, теориялық, технологиялық, мониторингтік педагогикалық шарттарын ұсынуы <b>толығымен жаңа</b> болып саналады.</p> <p>8)Болашақ инклюзивті оқыту педагогтарын даярлауда тәжірибелік-эксперименттік зерттеуді үйымдастырудың алғышарттары анықталып, нәтижелерін пайыздық көрсеткішпен нақтылай білген. Сонымен қатар «7М01450 - «Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған білім беру бағдарламасын; «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» элективті курс бағдарламасын, оку-әдістемелік кешені және оку құралдарының мазмұнын дайындауы <b>толығымен жаңа</b> болып саналады.</p> <p>9)Зерттеу жұмысының эксперименті дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту педагогын даярлауға бағытталған. Эксперименттік жұмыс барысында алынған негізгі тұжырымдар алға қойылған мақсатқа қол жеткізген, қойылған міндеттері мен корытындылары <b>толығымен жаңа</b>.</p> <p><b>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</b></p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u>      2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);      3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>
		<p>Докторанттың ұсынған дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Диссертациялық жұмысты орындау барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені ендіру актілері және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс үйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделген.</p>

6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар гылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу жүргізу нәтижесінде жасалған қорытындылар дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауда дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан күнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, қағидалар, қорытындылар, гылыми-әдістемелік ұсныстыруды техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен ЖОО-да болашақ маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті жұмысшы мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болады.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>дәлелденді;</u></li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>Ия;</u></li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <u>Кен</u></li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>Ия;</u></li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Докторант П.Ж.Парманкулованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарған келесі қағидаттарды айтуда болады:</p> <p>1)Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері дәлелденген, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең, бұл докторанттың 6 мақаласында дәлелденген.</p> <p>1.Обзор мировой практике внедрения инклюзивного образования//Труды международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения - 16: «Четвертая промышленная революция: новые возможности модернизации Казахстана в области науки, образования и культуры». -Шымкент, 2018. Т.2(1).-С.294-297. ISBN 978-9965-03-607-1.</p> <p>2. Теоретические модели подходов инвалидности в Республике Казахстан//Вестник НАН РК.-2021. -Vol.2, Number 390. -P. 289-297. ISSN 1991-3494.<a href="https://doi.org/10.32014">https://doi.org/10.32014</a> /2021.25.18-1467.83</p> <p>3.The conceptual field of professional adaptation of future specialists to dual training//Zhanstvena misel. Ljubljana, Slovenia. 2017. -Vol. 2, №5. P.22-25. ISSN 3124 -1123.</p> <p>4. Внедрение и развитие инклюзивного образования в Республике Казахстан//Труды международной научно-практической конференции «Феномен Н.А. Назарбаева: политическое кредо и инициативы». -Шымкент, 2018. Т.1. -Б.36-38. ISBN 978-9965-03-584-5.</p> <p>5. Some questions of inclusive education</p>

		<p>development in Kazakhstan//VI International Scientific and Practical Conference Perspectives of world science and education. - Osaka, 2020. -P.181-192. ISBN 978-4-9783419-8-3sci-conf.com.ua.</p> <p>6. Социализация детей с ограниченными возможностями здоровья//Труды международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения - 17: Новые импульсы науки и духовности в мировом пространстве». -Шымкент, 2019. Т.3. -С.269-271</p> <p>2) Даульді білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды инклузивті оқытуға даярлау мақсаты мен міндетіне, әдіснамалық ұстанымдарына, мазмұны мен көрсеткіштеріне сай мотивациялық-құндылық, танымдық, іс-әрекеттік, өлшемдік компоненттерінің өзара тығыз байланыстырылғының қарастыратын құрылымдық моделіжана және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және 8 мақаласында дәлелденген</p> <p>1. Кәсіптік білім беру жүйесінде даульді оқыту//«Юнусов оқулаты: Рухани жаңғыру және индустрияландыру жагдайындағы білім мен ғылымның интеграциясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. -Шымкент, 2018. Т.1. -Б.162-165.</p> <p>2. Подготовка будущих специалистов в дуальной системе обучения//Вестник ПГУ. Педагогическая серия. -2019. №3. -С.152-158. ISSN 1811-1831.</p> <p>3. Методика преподавания в дуальной системе обучения//Учебно-методическое пособие. -Ш.: Издательство ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2017. -132 с.</p> <p>4. Профессиональная подготовка личности с ограниченными возможностями здоровья: учебное пособие. -Шымкент: Әлем, 2021. -120 с. ISBN 978-601-255-248-5.</p> <p>5. Инклузивтік білім беру барысында болашақ мамандарды кәсіпке баулу мәселелері//«Рухани жаңғыру: Ұлттық білім беру жүйесі және әлемдік тәжірибе» Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. -Шымкент, 2017. Т.1. -Б.580-584</p> <p>6. Professional preparing of persons with</p>
--	--	---

		<p>disabilities the conditions of dual education//8<sup>th</sup> International conference «Science and Society – Methods and Problems of Practical Application». -Vancouver, Canada, 2019. -P. 30-33. ISBN 978-1-7792-493-1.</p> <p>7. Проблемы подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования //Вестник ЕНУ. Серия Педагогика. Психология. Социология. -2019. №3 (128). - С.49-55. ISSN (Print) 2616-6895 ISSN (Online) 2663-2497.</p> <p>8. Dual education the conditions for pedagogical bases of specialists inclusive training//Cypriot Journal of Educational Sciences. -2022. -Vol. 17, Issue 3.-P.765-771. <a href="https://doi.org/10.18844/cjes.v17i3.6937">https://doi.org/10.18844/cjes.v17i3.6937</a> Scopus.</p> <p>3) Даульды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттарының инклюзивті оқыту педагогтарын даярлаудың құрылымдық моделіне негізделген үйімдастырушылық, мазмұнына негізделген теориялық, әдістері мен формаларын айқындауды мақсат еткен технологиялық, болашақ педагогтың даульды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлығы деңгейіне кезеңдік мониторинг жүргізуі қамтитын мониторингтіктүрлерінұсанды толығымен жаңа және 5 мақалада дәлелденген.</p> <p>1.Методическая деятельность педагога колледжа в дуальной системе обучения//Збірник статей науково-інформаційного центру «Знання» за матеріалами XLIII міжнародної науково-практичної конференції: «Розвиток науки в ХХІ столітті», г. Харків: збірник зі статтями (рівень стандарту, академічний рівень). - Х.: науково-інформаційний центр «Знання». - Украина, Харьков. -2019. -С. 55-59.</p> <p>2. Болашақ мұғалімдерді инклюзивті оқытуға кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру//«Ұлы дала жастары» жобасы негізінде «Білім - болашақта табысқа жетудің негізгі факторы» тақырыпта «Жастар және ғылым» XVII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Алматы, 2018. -С.74-76. ISBN 978-601-7331-71-9.</p> <p>3. Methodological guidelines for the professional adaptation of future teachers of dual education//International Journal of</p>
--	--	---

		<p>Psychosocial Rehabilitation, -2020. -Vol. 24, Issue 7. P.6274-6281. ISSN: 1475-7192. Scopus.</p> <p>4. Открытые онлайн курсы в обучении лиц с ОВЗ//Труды Международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения-19: 30 лет независимости Казахстана». -Шымкент, 2021. -С.114-116.</p> <p>5. Даульды білім беру жүйесінде инклузивті топ студенттерін кәсіби құзыреттілігін арттыру ерекшеліктері//Н.Ә. Назарбаев феномені: саяси ұстанымы мен бастамалары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының енбектері. -Шымкент, 2018. Т.2. -Б.139-141. ISBN 978-9965-03-584-5.</p> <p>4) Даульды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістері мен формалары нақты оку-әдістемелік кешенниң тәжірибеге ендірілуімен айқындалған және оның тіімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде тексерілген, дәлелденген, жаңа және ауқымы кең, келесі 6 мақалада дәлелденген.</p> <p>1. Профессиональная подготовка личности с ограниченными возможностями здоровья: электронный учебник. -Шымкент: Издательство ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2019. -44 с.</p> <p>2. Подготовка лиц с ОВЗ конкурентоспособными специалистами в ДСО// Республиканский научно-педагогический круглый стол «Креативная молодежь – путь к интеллектуальной державе и модель 4К –креативность, критическое мышление, коммуникабельность, умение работать в команде» -Шымкент. 2019. -С.94-96.</p> <p>3. Даальное обучение: подготовка будущих специалистов с ограниченной возможностью здоровья//Республиканская научно-методическая конференция «Профессиональная подготовка педагогических кадров в условиях обновленного содержания образования: компетентность, технология, инновация». – Атырау, 2019. Т.1. -С.155-159. ISBN 978-601-262-320-8.</p> <p>4. Методика преподавания в дуальной системе обучения: учебно-методическое пособие. -Ш.: Издательство ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2017. -132 с.</p> <p>5. Профессиональная подготовка личности с</p>
--	--	---

			<p>ограниченными возможностями здоровья: учебное пособие. -Шымкент: Әлем, 2021. - 120 с. ISBN978-601-255-248-5.</p> <p>6. Folk games in the education of children with physical, mental and sensory disturbances//New of the National academy of sciences of the republic of Kazakhstan. Series of sjcial and Human science. -2018, №6(322). - P. 195-202. ISSN 2224-5294.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>Ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант П.Ж.Парманкулованың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделіп, нақты жазылған. Докторант диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теориямен практиканың бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық, колжетімділік және демонстрациялау ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, нақты жазылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>Ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында зерттеу нысаны ретінде жоғары оқу орнында болашақ педагогтарды даярлау үдерісі алынған. Дауальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың заманауи және белсенді әдістері пайдаланылған. Зерттеу барысында сандық және сапалық көрсеткіштер нәтижесін дұрыс анықтау мақсатында деректерді өңдеу мен нәтижелерді талдау үшінстатистикалық қолданбалы бағдарлама пакеті қолданылғандығы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып жазылғандығын көрсетеді.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін</p>	<p>П.Ж.Парманкулованың «Дауальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясының эксперименттік тәжірибелік жұмыстары М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қожа Ахмет Яссави атындағы халықаралық қазақ-турік университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде жүргізілген. Сынаққа қатысқан студенттер саны – 146, оның ішінде эксперименттік</p>

		<p>нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>Ия</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>топта 72, бақылау тобында 74 студент қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық конференцияларда және басқада ғылыми басылымдарда жарияланған. Зерттеу нәтижелері бойынша 29 ғылыми жұмыс жарияланған, соның ішінде Scopus деректер базасында индекстелетін ғылыми журналдарда -2, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БФСБК) ұсынған ғылыми басылымдарда -5, шетелдік базаларда индекстелетін ғылыми журналдарда -2, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар еңбектерінде -13, республикалық ғылыми-педагогикалық дөңгелек үстелжинақтарында 2 мақала жарияланған Сонымен қатар 1 оку құралы, 1 оку-әдістемелік құрал, 1 электрондық оку құралы жарық көрген, осы оку құралдарына 2 авторлық куәлік алынған. 7М01450 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының білім беру бағдарламасы, оку бағдарламасы және оку-әдістемелік кешені дайындалған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаған</u></p>	<p>ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық даярлау мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, ҚР БжФМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтарында, гранттық жобаларда, диссертациялық зерттеу жұмыстарына материалдар сілтемелерімен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторлардың 207 әдебиет көздеріне шолу жеткілікті жасалған. Алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын көрінеді.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Зерттеудің теориялық маңызыдырыбыбар. Атап айтсақ:</p> <p>1) Даульды білім беру жүйесінде</p>

		<p>2) жоқ</p> <p>инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдіснамалық-теориялық негіздері айқындалған;</p> <p>2) Даульды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың күрылымдық моделі жасалынып, оны бағалаудың өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлері нақтыланған;</p> <p>3) ЖОО-да инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттары ұсынылған</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>Ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің практикалық маңыздылығы бар, атап айтқанда:</p> <p>-7М01450 - «Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған білім беру бағдарламасы;</p> <p>-«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» элективті курс бағдарламасы;</p> <p>-«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оку-әдістемелік кешені;</p> <p>-5В012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған «Даульды оқыту жүйесінде оқыту әдістемесі» оку-әдістемелік құралы;</p> <p>-«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оку құралы;</p> <p>-«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» электрондық оку құралы ұсынылды;</p> <p>Даульды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістемелік кешені жасалып, тәжірибеге енгізілді.</p> <p>Зерттеу нәтижелері даульды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудамүмкіндігі жоғары және ЖОО-да болашақ бәсекег қабілетті, ұтқыр маман даярлау теориясы мен тәжірибесіне белгілі бір үлес қосады.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады:</p> <p>1) ЖОО-ның оку жоспарына элективті пән ретінде құрастырган таңдау курсын ендіру, сонымен қатар зерттеу барысында жинақталған материалдарды пән мазмұнына енгізу ұсынысы <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) Даульды білім беру жүйесінде</p>

			<p>инклозивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар мен зерттеу кезеңдері ЖОО-ның тәжірибесінде қолдану ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>3) Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында білім алушыларды кәсіби даярлау мәселелері бағытындағы жаңа зерттеулер жүргізу ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады</p>
0	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;      2) орташа;      3) оргашадан төмен;      4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы <b>жоғары</b>. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдық категориялар жүйесі жеткілікті жазылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді</p>

**Шешім:** 8D014 - «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша Парманкулова Перизат Жаксылышқовнаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

**Ресми рецензент PhD,  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық  
педагогикалық университеті,  
Педагогика және психология  
институтының қауымдастырылған  
профессоры м.а.**



*А.Т. Тұралбаева*